

"Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 тамыздағы № 705 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» 2008 жылғы 20 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 17-18, 70-құжат; 2010 ж., № 11, 59-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Заң қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясатты, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесін, оны қалыптастыру және жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.»;

2) 1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан халқы Ассамблеясы (бұдан әрі – Ассамблея) – заңды тұлға құрылмай, Қазақстан Республикасының Президенті құратын, қоғамдық келісім және ұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін мекеме.»;

3) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«3-бап. Ассамблеяның мақсаты

Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясымен біріктірілген

қазақстандық азаматтық бірдейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.» ;

4) 4-баптың 2) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының құндылықтары негізінде Қазақстан халқы бірлігін нығайту;»;

«4) азаматтардың саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға қатысу;»;

5) 6-баптың 1) және 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қоғамдық келісім және ұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесу;»;

«9) қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясат мәселелері жөніндегі заң жобаларына қоғамдық-саяси сараптама жасауға қатысу;»;

6) 9-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Сессияның шешімін Ассамблеяның Төрағасы бекітеді. Ассамблея сессиясының шешімдеріндегі мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға жіберілген қоғамдық келісім және ұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясат жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстар міндетті түрде қарауға жатады.

Сессияның жұмысы сессия шешімімен бекітілетін регламентпен реттеледі.»;

7) 11-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) Ассамблеяның жұмысы туралы, оның ішінде «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын іске асыру жөніндегі жыл сайынғы есептерді дайындау;»;

8) 12-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) Ассамблеяның жұмысы туралы, оның ішінде «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын іске асыру жөніндегі жыл сайынғы есептерді тыңдайды және бекітеді;» .

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті